

13.06.2021 жыл. № X00008

## **БОЛАШАҚ ҰРПАҚҚА МУЗЫКАЛЫҚ ТЕРАПИЯНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ МЕН ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҮЙРЕТУ**

**БАЙРОЛОВА БАЛЖАН ТОЛЕУГАЗЫЕВНА**

*ШҚО, Семей қаласы, «М О Әуезов атындағы педагогикалық  
колледжі»КҚМК. Музыка пәні оқытушысы*

Қазақстан Республикасының Орта білімді дамыту тұжырымдамасында білім беру саласының ең негізгі талабы: кең дүниетанымдық көзқарас, толық құзыреттілік, шығармашылық әрекетке бейім тұлға тәрбиелеу. Тұлға тәрбиесі барысында педагогика және психология саласындағы қолданылатын тиімді әдістердің бірі – музыкалық терапия.

Әлемде музыкасыз ұлт жоқ. Музыка адамзатқа ортақ. Ең әсерлі, сиқырлы сұлу сөз де адам сезіміне музыкадай әсер ете алмайды. Шынында музыканың берер әсерін тілмен, сөзбен айтып жеткізуге болатын болса онда музыканың қажеті болмас еді. Музыканың құдіретін ұлы Абай Құнанбаев «Құлақтан кіріп бойды алар, әнді сүйсең менше сүй» – дегендей, музыканың сезім мүшелерімізге әсер етіп, бүкіл ағзамызға жағымды әсерін әсем ән мен тәтті күй арқылы әдемі суреттеп берген. Ұлы Абай музыканың құдіретін, оның емдік қасиетін сол кезде-ақ көрсете білген.

Біздің халқымыздың музыка өнері және оның адам сезіміне әсері мен қуат күші жайында айтылған тұжырымды ойларымен тартымды пікірлерінің бастауында Әбу насыр әл-Фараби тұрады. Оның музыка жайында жазған трактаттарында саз өнерінің адамды тәрбиелеу мен түзетуге деген мүмкіндіктері айтылған. Әл-Фараби бабамыздың бұл мұрасы педагогикалық жағынан да, психологиялық жағынан да көптеген зерттеулерге негіз болатыны айқын.

Жасынан бейім болған өнерлердің бірі – музыка болғандықтан, әл-Фараби саз өнерінің қыры-сыры туралы көп ізденген. Музыканың адамды көзсіз еліктіретіндігі жөнінде де жанына жағымды әсер ететін тәрбиелік әлеуметі жайлы да көптеген пікірлері бар. Мысалы: Аристотель, музыка – бос уақытты пайдалану ең ақылды дамыту үшін қажет қылады. Ол тек қосымша пайдалы пән ретінде ғана емес, адамды тәрбиелеу жүйесіне қосылған пәнге айналды.

Музыка адамды ізгілікке жетелейді, ол адам жанының адамгершілік қасиетін қалыптастыруға әсерін тигізеді.

В.А. Сухомлинский: «Музыка арқылы тәрбиелеу – бұл музыкантты тәрбиелеу емес, ең алдымен адамды тәрбиелеу» – деген. «Терапия» – латын тілінен аударғанда емдеу деген ұғымды білдіреді, сонда музыкалық терапия дегеніміз музыкамен емдеу болып шығады.

Қазіргі таңда музыкасыз өмірді елестету әсте мүмкін емес. Үйде, көлікте, сыртта, офисте, жұмыста, барлық жерде музыка бізбен бірге.

Адамзат музыканың емдік қасиетін барын тым ертеде-ақ білген. Адам тәнін музыкалық аспап ретінде қарастырсақ жүректің соғуы ең үлкен ырғақ болады. Сонымен қатар адам қорыққанда, уайымдағанда немесе қуаныпшаттанғандағы жүректің соғуы нағыз ырғақтық музыкаға айналады. Жаны жоқ дейтін өсімдіктерде жақсы музыкамен тез өсіп, жақсы өнім беретіні белгілі. Музыка жан-жануарларға да әсер ете алатыны бүгінгі күні жаңалық емес. Адамның жан-жүйкесіне, сезімі мен көңіл-күйіне әсер ететін музыканы – қазақтар тәңірдің күбіріне теңеген. Ежелгі гректердің ұлы ойшылдары Демокрит: «Флейтаның сиқырлы сазымен кейбір ауруларды емдеуге болады» десе, Гиппократ музыканы барлық ауруды емдеуге қолданған.

Платон, Аристотель және Пифагор музыканың емдік қасиеті барын мойындаса, Гомер жағымсыз эмоциялармен күресуге музыканың көп көмегі барын айтқан.

Музыкалық терапия – ақыл-ой мен эмоциялық әрекетке байланысты ауруларды ғасырлар бойы анықталған емдеудің түрі. Музыканың емдік күші ежелгі түріктерге, египеттіктерге, үндістерге, қытайларға, парсы, гректерге мәлім болған. Әуен арқылы адам психикасына оң әсер етуді музыкалық терапия деп те атайды. Музыкалық терапия сөзін қазақшаға тікелей аударғанда «музыкамен, әуезбен емдеу» деген мағынаны білдіреді. Музыкалық терапия жүздеген жылдар бойы өнер адамдар үшін әуезден, әуеннен ләззат алу көзі болды, ал өнердің көмегімен емдеу салыстырмалы түрде жаңа құбылыс болып табылады.

Музыка адамның денсаулығына, санасына, тәртібіне ықпал етеді. Музыкалық дыбыстар адамның ағзалары мен жасушаларына да үлкен әсер етеді. Музыкалық дыбыстар адам ағзасына, жасушаларына үлкен әсер тигізіп, түрлі дыбыстардан адам ағзасында үлкен энергетикалық алаң пайда болады. Яғни, олар айналадағы кеңістіктегі қозғалыстарды тудырады. Ал біз сол энергияны қабылдаймыз және біздің ағзамызға әсер етеді [1]. Музыка біздің өмірімізге қатты әсер ететіні мәлім. Сондықтан, музыка барлық ғасырларда да ерлер мен әйелдерге, діннің түрлі бағытын ұстанушы адамдар мен ұлттардың, түрлі ұлт өкілдеріне түсінікті тіл болып есептелінеді.

Музыка адамның интеллектуалдық деңгейіне, табысына, әлеуметтік жағдайына қарамастан кімге болса да, қатысы бар. Музыка терапиясы адамның жүйке жүйесінің шаршауы мен қажуын, көңіл-күйін ретке келтіру мақсатында қолданатын психотерапиясының бір әдісі. Балаға музыка арқылы жағымды әсер етудің өзіндік әдіс-тәсілдері бар. Бұл әдісті белгілі бір жүйемен қолдана білу аса маңызды.

Ол үшін баланың жас ерекшелігі, дәл сол сәттегі жағдайы, психикалық өзгерістері, оның себептері туралы мәліметпен таныс болу шарт, әйтпесе, кез келген жағдайда музыка терапиясын қолдану өз нәтижесін бере бермейді. Музыка арқылы балаға психологиялық әсер етуде әуенді үш түрлі сипатта қолдану керек:

- тыныштандыратын әуендер;
- жігерлілік тудыратын әуендер;
- босаңсытуға арналған әуендер.

Психологтардың айтуы бойынша, музыканың керемет күші баланың физикалық және психикалық дамуын нығайтуда, әрі жақсы нәтижелерге жеткізуде өзіндік мәні бар. Ал түрлі музыкалық терапияның әдістерін ойынмен байланыстыра отырып және психотерапевтік техникаларды қолданса әсерлері жоғарылайды [2].

Музыкалық терапияны қолданудың төмендегідей әсері бар:

-Психологиялық қорғаныстан өтуге мүмкіндік береді – тыныштандыру немесе жандандыру, қызықтыру немесе көңіл соқтыру.

-Адамдардың шығармашылық және қарымқатынас мүмкіндіктерін дамытуға көмектесу.

-Өзін-өзі кемелдендіру негізінде өзін бағалауды жоғарылатады. – Сезімдерді әсерлетіп шығаруға септігін тигізеді.

-Эмпатикалық мүмкіндіктерді дамытады.

-Адам арасындағы қарым-қатынастардың орнап, дамуына, психология және басқа адамдармен қарым-қатынастарды нығайтуға жәрдемдеседі.

-Әлеуметтік белсенділігін жоғарылатады.

-Жаңа қарым-қатынасты құрып орнатуды жеңілдетеді.

-Агрессиялық мінез-құлықтан арылуға көмектеседі.

-Адамды білімділікке жетелейді, интеллектуалдық тәрбие береді.

Зерттеушілердің айтуынша, музыка тыңдаудың бірнеше қызметі бар. Шындығында, музыка жаңаша білім береді, қажетті көңіл-күйге бөлейді, шығармашылық ісіне шабыт береді, сабасына түсіреді және ісіне шабыт береді, күрестерге рух береді, сабасына түсіреді және жұбатады, көңілін аулайды және тәрбиелейді. Музыка музыканттар мен музыка тыңдаушылар арасында түрлі қатынас орнатып, алуан сезімдерді шығарады[3].

Сондай-ақ музыкалық терапияның элементтерін дамытушы-түзетуші тренингтер кешенімен бірге байланыстыра отырып, оқу-тәрбие процесінде жүйелі түрде ұйымдастырып қолданып отырса жеке тұлғаның интеллектісін дамытуда үлкен жетістікке жетуге болады.

Өйткені музыкатерапияның жоғарыда көрсетілген қызметтерінен бөлек, төмендегідей қызметтерді де атқарады.

- психодиагностикалық;
- психопрофилактикалық;
- психокоррекциялық.

Музыкалық терапияның диагностикалық ерекшелігіне тоқталып кетер болсақ, ол адамның психикалық қасиеті мен күйін көптеген әдіс-тәсілдері арқылы сандық сипатта бағалайды және нақты сапалық тұрғыда талдайды. Соның нәтижесінде, адам психологиясының көрінісі туралы дұрыс болжамдық мәлімет беретін ізденіс аумағы болып табылады. Музыка терапияның психопрофилактикалық қызметі – адамның өмірінде кездесетін қиын-қыстау кезеңдердің салдарынан пайда болатын, адам психикасына кері әсерін тигізетін жағымсыз психикалық жағдайларды көптеген әдіс-тәсілдердің көмегімен анықтай отырып, алдын алу болып табылады [4].

Музыка позитивтік сеніммен (сендірумен) қатар жан мен рухтың бірігуіне ықпал етеді. Оқу барысында пайда болатын шаршау мен жағымсыз сезімдерден арылтады, бағыт-бағдарлы іс-әрекеттерді атқаруына ықпал етеді. Зерттеушілердің байқауы бойынша Бах, Вивальди, Темман, Корелли, Гендельдердің баяу пассаждық шығармаларының ырғақтық қасиеттері қантамырының соғысын баяулатады, адамды босаңсытып, оның сана-сезімін үйлесімділік күйге әкеледі. Осылайша адам шаршаудан арылады. Осы жаңа әдістер оқушыларды еркін тәрбиелеу мен тиімді оқытудың қомақты бөлшегі болып табылады. Олар босаңсыту, жинақыландыру және барынша ықыластарын арттыру (музыкаға деген көңілін арттыру). Осындай музыканың ырғақтық мүмкіншіліктерін пайдалану әдістері тіл үйрену, спортшыларды жаттықтыру, қатты аурудан айықтыру барысында қолданады.

Әлемдік өнердің шынайы құндылықтары болып композитор-классиктер дәрежесіне жеткен авторлардың музыкалық шығармалары есептеледі. Нақ классикалық музыканы (ұлттық қана емес, әлемдік мәдениетте құндылығы жоғары) функциялық музыка ретінде қолдануға болады [5].

Музыка, сурет, поэзия да өнердің басқа түрлері сияқты, адамды жігерлендіретін, рухтандыратын және босаңсытатын, ашу-ызаны қайтаратын, қатты қиналу күйінен арылтатын қасиеті бар. Шығармашылық әрекетке қажетті дене, ақыл-ой, сана, жан дүниенің бірігуіне ықпал етеді. Бірлестік пен үндестік принциптерінен сезім де, әрекет те ой-сана да, сөз де шығармашылық та, сұлулық деген ұғым пайда болған. Сұлулық үйлесімділік пен жігерлендіру әсері қабілеттіліктің интеграциялық принциптерін көрсетеді. Адамның күштік интеллектуалдық және эмоционалдық мүмкіншіліктердің дамуына әсер етеді. Өкінішке орай қазіргі заман өнердің көптеген түрлері мәдениеттің, өмір нығайту заңдылықтарынан алшақтап, дөрекі көшірмелер деңгейіне түсіп кетті.

Музыка біздің өмірімізде адамның өзін-өзі тану, өзін-өзі көрсету жөніндегі өмірлік білім. Музыканы түсіну мен түйсіну оны тынысымен, бұлшық еттерімен, қозғалысымен сезіну. Негізгі акцент балаларға классикалық туындылар арқылы интеллектуалдық тәрбие беру. Бұл шығармалар оқушылардың оқу кезінде түрлі кезеңдерде қайталанатын. Классикалық музыканы музыкалық терапия мақсатында қолдана отырып, қазіргі бағыттағы әндерін де қасиетін ұмытпаған жөн, яғни бұл рок, джаз. Пластикалық импровизация балалардың музыкаға деген эмоциялық дамуының жалғасы. Көбінесе, музыкалық терапияны жүргізетін педагог пластикалық импровизациясы үшін музыкалық образы ашық, айқын ашылатын музыкалық шығарманы таңдағаны жөн.

Өнердің кез келген түрі сияқты, музыка – бұл қоғамдық құбылыс, ол идеал мазмұн (шындықты бейнелеу) мен материалдық форманың бірлігі болып табылады. Сондықтан оған әртүрлі жақтарынан келуге, оны әртүрлі деңгейлерге қарастыруға болады.

Оның бірі – физикалық: музыка белгілі бір акустикалық заңдылықтарға бағынатын «дыбыстық материя» ретінде алынады. Екіншісі – биологиялық: музыкалық шығармашылықтың, орындаудың және қабылдаудың материалдық, физикалық механизмі ретінде қарастырылады. Келесі психологиялық деңгейде қарастыру объектісі идеал болып табылады: музыка мазмұнының, шығармашылықтың, орындаудың және қабылдаудың адам психикасының өзіндік заңдылықтарына бағынатын жақтары мен ерекшеліктері. Осы жердің өзінде қоғамдық құбылыс ретінде музыкаға келіс элементтері байқалады. Бұлар музыкада қоғамдық болмысты бейнелейтін және жанайтып қоғамдық сананы жалпы заңдылықтарының білінуіне назар аударылатын әлеуметтік деңгейде жүзеге асады. Ең ақырында өнердің (өнер қоғамдық сананың ерекше формасы) түрі ретінде музыка ерекшелігі интеллектуалдық деңгейде танылады.

Музыканттың психо-моторлы қабілеті – музыкалық шығарманы орындау кезіндегі шығарманы мазмұнын өзінің түсінігімен жеткізу мүмкіндігі. В.М. Теплов «музыкалық дарынды адамның қасиеттерінің арнайы жиынтығы мен үстемділігінің көрсеткіші, оның музыкалылығы және оның әуенге эмоционалдық қағілеттілігі соның негізін қалайды» дейді. Музыкалық жеке адамның реактивті қасиеті болғандықтан баяу дамиды.

Сондай-ақ классикалық музыкамен қатар музыкалық терапия жүргізу барысында музыкалық аспаптарды да қолдану арқылы тәрбие үрдісіне және мінез-құлық, адам дене мүшесіне әсер етуге болады [6].

-Флейта – адамның ми құрылысына (физикалық тұрғыда).

-Кларнет – оң жақ ми құрылысына (эмоционалдық, логикадан тыс қабылдау).

-Арфа – жүрек қантамырларының жұмысына көмектеседі, тыныштандырады.

-Скрипка – рухани дамуына септігін тигізеді.

-Ұрмалы аспаптар – күш-қуат береді.

Жоғарыда көрсетілген музыкалық аспаптармен қатар, зерттеушілер музыкалық терапияда симфониялық оркестрді қолдануды ұсынады. Симфониялық оркестрде көптеген аспаптар қолданылғандықтан, олар адамға жан-жақты және жалпылама әсерін тигізеді.

-Гипертония белгілері мен өзге адамдармен қарым-қатынастағы кернеулікті жою үшін – Бах. Скрипкаға арналған «Концерт ре-минор», соль минор, ля минор.

-Эмоциялық кернеулікпен байланысты бас ауруды азайту үшін – Моцарт «Дон Жуан», Лист «Венгерская рапсодия №1», Хачатурян «Сюита Маскарад».

-Көңіл-күйді жақсарту, белсенділікті көтеру үшін – Чайковский «Шестая симфония», 3 бөлім, Бетховен «Уверюта Эдмонд».

-Қорқыныш және өзін-өзіне сенімсіздікті азайту үшін – Шопен «Мазурка», Штраустың «Летуция мышь», «Весенний вальс», Рубинштейннің «Пьеса» (Фортепианоға арналған).

-Ашуланшақтықты, шаршағанды басу үшін – Бах, «Кантата №2», Бетховен «Лунная соната». «Прелюдия и fuga» ре минор (d moll, a moll). –

-Жалпы тыныштандыру үшін – Бетховен «Симфония №6», 2 бөлім, Брамс «Колыбельная», «Венгерский танец 1,5,6» Шуберт «Аве Мария».

-Гипертония белгілері мен өзге адамдармен қарым-қатынастағы кернеулікті жою үшін – Бах. Скрипкаға арналған «Концерт ре-минор», соль минор, ля минор.

-Эмоциялық кернеулікпен байланысты бас ауруды азайту үшін – Моцарт «Дон Жуан», Лист «Венгерская рапсодия №1», Хачатурян «Сюита Маскарад» [10].

Музыкалық терапия материалы ретінде әр ұлттың фольклорлық музыкасын қолдануға да болады. Бірақ ұлттық ерекшеліктерге байланысты әр ұлттың студенттеріне түрліше әсер етуі мүмкін. Дегенмен ұлттық музыканы мүлдем қолдануға болмайды деген сөз емес. Музыка – ой – сана мен сезімдердің, толғаныстардың шамшырағы десек те болады. Өйткені қуаныш та, шаттық та, уайым-қайғы да – бәрі музыка мазмұнында табылады. Сондықтан адамның музыкасыз өмір сүріп, өсіп жетілуі мүмкін емес. Ерте кездің өзінде-ақ музыканың және бәрінен бұрын ең әуелі оның негізгі компоненттері – мелодиясы және ритмі адамның көңіл-күйін өзгертеді, оның ішкі күйін қайта құрады. Классикалық Грецияда музыка поэзияның, бидің және музыканың өзінің үштік бірлігі ретінде қабылданады.

Музыканың өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі мәні жөніндегі ертедегі грек ойшылдары ерекше айтты. Өйткені қоғамның болашақ мүшесінің адамгершілік, эстетикалық, интеллектуалдық және т.б. сапалары балалық шақта қалыптасады.

Сол кезде музыка бұл сапаларды қалыптастырудың қуатты қаруы деп саналды [8].

Музыкалық терапия арттерапияның бір түрі, емдеу немесе түзету мақсатында қолданады. Олар үш формада жүзеге асырылады:

1. Арнайы рецепт бойынша (музыка тыңдау, музыканы қабылдау, музыканы сезіну).

2. Белсенді (музыкалық іс-әрекет, музыкалық аспаптарда ойнау, мелотерапия, хореотерапия);

3. Интегративті (музыкалық изотерапия, музыкалық тустер терапиясы мен арнайы рецепт формаларының бірігуі).

Музыка өнері дүниеге көзқарасты қалыптастырудың ықпалды құралы ретінде, жастардың адамгершілік қасиеттерін, моральдық интеллектуалдық ортасын, оқушылардың тұлғалық сезімдерін байытады [9]. Өз елінің патриоттық мазмұндағы, классикалық бағыттағы музыкалық шығармаларын үйрену жеткіншектерге интеллектуалдық тәрбие берудің құрамдас бір бөлігіне айналды. Музыкалық терапия жүргізу барысында таным және ақыл-ой іс-әрекеттері жетіледі. Оқушылар шығарманы тыңдап отырып, көп нәрсені біледі. Дегенмен, олар оның жалпы сипатын, жарқын образдарын қабылдайды. Мұның өзінде, егер баланың алдында беріле тыңдау, айыра білу, салыстыру, мәнерлеу құралдарын бөліп қарау міндеттері қойылатын болса, эмоциялық үн қосу өз мәнін жоғалтпайды. Осындай ақыл-ой іс-әрекеттері олардың сезімдер өрісі мен әсерленуін байыта және кеңейтеді, ойлы мән береді яғни осының нәтижесінде интеллектуалдық тәрбие алады.

Қорытындылайтын болсақ, музыкалық терапия – қазіргі кезде музыкалық психологияда және психотерапияда адам ағзасына оң әсер тудыратын ең тиімді әдістердің бірі болып табылады. Музыкалық терапияның адам психикасына әсері жайлы айтылып жүрген көптеген көңіл аударарлық пікірлер бар. Әлеуметтік сала мамандары үшін музыканы қабылдау олардың өздерін тәрбиелеу және түрлі қажетті нәрселерді орындауға ықпалын тигізеді. Жалпы музыкалық терапияның негізгі мақсаты – уайым, қобалжу, түңілу сынды теріс сезімдерді санадан шығарып жіберіп, оның орнын жағымды эмоцияларды ендіру. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін көркем музыкалық шығармалар қолдану тиімді болып табылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Киселова М.В. Арт-терапия в практической психологии и социальной работе – СПб.: Речь, 2007. –336 с.
- 2 Бапаева Г. Музыкалық терапияның адам психикасына жағымды әсерлері. «Жантану мәселелері». – №4 (20). – 2012.
- 3 Ченемисова Л. Музыка адамның жан арқауы. – «Жантану мәселелері». – №5. – 2013. – 13 б.
- 4 Халабузарь П., Попов В., Добровольская Н. Методика музыкального воспитания. – М.: Музыка, 1990.
- 5 <http://apreleva.com/musictherapy>
- 6 Семенова А. Исцеление словом. – СПб.: ИД «Невский проспект», 1998. – 205 с.
- 7 Мелдебекова У.И. Бастауыш сынып оқушыларына музыка арқылы эстетикалық тәрбие беру: дис. пед. ғыл. канд. – Түркістан, 2008. – 32 б.
- 8 Рысбекова Р.М. – Қазақ халық музыкасы арқылы бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру. – Алматы, 2007. – 30 б.
- 9 Декер Фойгт Г.Г. Введение в музыкотерапию – СПб.:Питер, 2003. – 60 с.
- 10 Мирманов Н.Б. Музыкалық терапия арқылы студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту: дис. авт. – 5-6 б



13.06.2021 жыл. № X00009

## Баян үйретуде сандық білім ресурстарын пайдалану

**АМАНБАЕВА ХАЛИМА АРГЫМБЕКОВНА**

ШҚО, Семей қаласы, «М О Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»КҚМК Музыка пәні оқытушысы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау керек» деп атап көрсетілген. Сонымен қатар Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» Жолдауында «Білім беру реформасы-Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетуі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап ететіндігін көрсетеді. Демек,заман талабына сай бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеуде, білім алушыларға қажетті білімді меңгертудің тиімді жолдарын, әдіс-тәсілдерін талмай іздеу-әр ұстаздың міндеті. Әрбір педагог өз жұмыс тәсілі мен формасын,өз педагогикалық технологиясын таңдай отырып, білім алушылардың білімін жетілдіру бағытында жұмыс істеуі керек.Осыған байланысты әр түрлі әдістерді қолданудың қажеттігі туындайды.

Қазіргі кезеңде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бұл педагогика тарихы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр, себебі, білім беру жүйесі өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру.

Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекет жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты міндет – білім алушының оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толық жету.

Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Әрине терең білімде, материалдың игеруге қолайлығы да, оқулық деңгейімен шектелу де мүлде нәтижесіз болды деп айта алмаймын.Технология мен әдістеменің мақсаты бір – «қалай оқыту мәселелерін қарастырады». «Сабақ беру жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» деп

Ж.Аймауытов айтқандай бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Бұлар білімалушының жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеумен қатар білімалушының танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми – техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің біріне айналды.

Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар білімалушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады.

Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. «Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады» деген В.Сухомлинскийдің сөзін оқытушының талмай ізденген еңбегінің нәтижесінде ғана көрінетіні белгілі. Қазіргі кезде білім мен техниканың даму деңгейі әрбір білімалушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр.

#### **Жаңа технологияны пайдаланудың тиімді тұстары:**

- Білімалушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
- Танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- Әлеуметтік мәдени тәрбие қалыптастырады;
- Білімалушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- Оқытушының уақытын үнемдейді
- Қосымша мәліметтер береді.

#### **Мен өз тәжірибеммен бөлісем :**

Мен өзім қосымша баян аспабынан беретіндіктен 18-топ студенті Жеңісхан Ұлағатпен шебер сыныбын өткіздім. Өткізген сабағымның тақырыбы: **«Баян аспабында көрікпен жұмыс жасауды үйретудің әдіс-тәсілдері»** .

Өткізу

барысында **үй тапсырмасын** Б.Ғизатовтың «Төлдер» әніне **joinmyquizizz.com** (джоин май куизиз точка ком) сайты арқылы тесттік тапсырма орындаттым. Баян аспабында «Төлдер» шығармасын орындап берді. **Quizizz**-технологиясы өте тиімді, әрі қызықты бағдарлама.

**1. Quizizz**-викториналар, сауалнамалар, тесттер құруға арналған ыңғайлы онлайн-сервис. Quizizz көмегімен сіз әртүрлі тақырыптар бойынша тапсырмалар жасай аласыз, сауалнамалар, үй тапсырмалары, ойындар ұйымдастыра аласыз.

Quizizz мұғалімге не үшін пайдалы болады? Оның көмегімен болады: - тестілеу немесе сауалнама жүргізу; - ойын немесе викторина өткізу; - жарысты ұйымдастыру; - үй жұмысын ұйымдастыру; - әр оқушының нәтижелерін бақылау.

Мұғалім өз компьютерінде тапсырма жасайды, ал студенттер оны Интернетке қол жетімді мобильді құрылғылардан (Смартфондар, планшеттер) жеке орындай алады. Сервисте сондай-ақ бірлескен жұмыс мүмкіндігі қарастырылған. Ойынға қосылу үшін студенттер сілтемеге өтіп, арнайы кодты енгізуі керек. Тапсырмалар барлық қатысушылар үшін бірдей, бірақ әрқайсысы үшін сұрақтардың реттілігі әр түрлі. Мұғалім алынған нәтижелерді Excel кестесіне экспорттай алады.

2017 жылы 1 желтоқсанда – елімізде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілген болатын. Осы орайда елбасымыз Н.Назарбаев «Ғаламторға телмірген заманда IT технологияны мемлекет барынша қолдап қарапайым халыққа ілгері дамыған бағдарламаларды үйрету қажет» деген болатын. Бүгінде цифрландыру жүйесі білім ордаларында қалыптаса бастап, ақпараттық технологияларды игеру және оларды дамыту білім саласының басты бағыттарына айналды.

2. Жаңа тақырыпты үйрету барысында **Seagull 's Bayan Trainer** баян тренер компьютерлік бағдарламасын пайдаландым.

**Seagull 's Bayan Trainer** баян тренер компьютерлік бағдарламасының көмегімен біз орыстың халық әні «**Картошка 1 нұсқасы**» шығармасымен танысып, көрікпен жұмыс жасаудың әдіс – тәсілдерін үйренеміз.

**Seagull 's Bayan Trainer** жаңа жұмысты бөлшектеуге және құралды игеруге көмектеседі. Жұмысты ыңғайлы қарқынмен тыңдай алып, саусақтың ыңғайлы нұсқасын көрсетеді. Seagull 's Bayan Trainer жаңадан бастаушыларға да, ойнай білетіндерге де көмектеседі. Алдымен ол мұғалім рөлін атқарады және баян, аккордеонда ойнауды тез үйренуге мүмкіндік береді. Екіншіден, жаңа жұмысты талдауда көмекші рөлін атқарады.




<https://youtu.be/fbosMNeriUw> 1 нұсқа

<https://youtu.be/W5-IISyVCsA> 2 нұсқа сілтемесі арқылы орыстың халық әні «Картошка » 2

Бұл бағдарлама білімалушыға өте таптырмас көмекші құрал , мұғалімнің қызметін атқарды десекте болады. Өйткені қазіргі пандемия кезінде ,яғни қашықтықтан оқып жатқан білімалушыға тигізер пайдасы зор. Көріктің қозғалысын түстер арқылы ажырата алады.Жазылуы(жасыл ) мен жиналуын (сары ) түстер арқылы , орындалу барысын барлығын көзбен көріп орындай алады. Оң және сол қолдардың саусақ қойылымын үйренеді.

### 3. Рефлексия: 1 мин



**Рефлексия** жаңа заманға сай талапкерді қалыптастырып, қабілеттерін дамытатын жолдың бірі. Бала ойлауға, сөйлеуге , өзін-өзі дамытуға еркін қол жеткізе алады.

Рефлексиялық-бағалаушылық процесінде өзіндік ой-пікір, әрекеттерді, тәжірибе нәтижелерін талдау және оқу процесіндегі келесі кезеңдердің бағдарламасын анықтау үшін жағдай жасалады.

Педагогикалық рефлексия – бұл тек өзіне және өзінің іс — әрекетіне баға беру ғана емес, сонымен бірге педагогикалық, қарым – қатынасқа түскен өзге жандардың да өз — өздерін қалай түсінетіндіктерін байқау, өзін — өзі тану, өзінің әлсіз жақтары мен потенциалдық мүмкіндіктерін аша білу үшін қажет.

**Қорытынды.**

**Жаңа оқыту технологиясы** арқылы оқушы қандайда болмасын ақпаратты өздігінше игеріп, өз өміріне жарата алатын әмбебап тәсілдерді үйрену керек. Технологиялық жүйелікті сақтай отырып, қазіргі сабаққа қойылатын талап.

Кез-келген оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер ұстаздан терең теориялық, психологиялық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан -дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Өйткені ұстаздық - уақыттың мағынасын, қоғамның өзгерісін терең сезініп, шәкірттердің білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған мамандық. Сондықтан ұстаз заман талабына сай білім жетілдіру курстарынан үйренген әдіс-тәсілдерін үнемі өз тәжірибесінде жүйелі қолдануы және үнемі тоқтамай жетілдіруі тиіс. Сонда ғана заман талабына сай, өзгермелі өмірге ілесе білетін, кәсіби құзіретті маман даярлайтынымыз анық.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Коуч мұғалімінің жұмыс кітабы, Орақова А.Ш., Корнилова Т.Б., Жартынова Ж.А., 2014
2. Тренерлерге арналған нұсқаулық, 2015
3. Ә.Әбдікаримов. Музыка теориясының негіздері. - Алматы, 2009.
4. Б.Мұстафин Сырнай үйрену мектебі. - Алматы, 2004. 36-39 бет



#### Сабақтың мақсаты:

Баян аспабында көрікпен жұмыс жасауды үйретудің әдіс-тәсілдері туралы түсінік беру.  
«Баян үйренуде» Seagull's Bayan Trainer жаңа жұмысты бөлшектеуге және құралды игеруге көмектесетін сандық білім ресурсының пайдасы.  
Музыкалық жаттығулар, қысқа арпеджио шығармаларды аспапта ойналуы туралы көрсету, түсіндіру



#### II. Үй тапсырмасын тексеру.

Үйге тапсырма ретінде Б.Ғизатовтың «Төлдер» әні берілген болатын.

1. «Төлдер» әніне [joinmyquizz.com](http://joinmyquizz.com) сайты арқылы тесттік тапсырма орындау.
2. «Төлдер» әнін баян аспабында орындау.




#### Көрікті ауыстырудың белгілері:

Жазу және жинау.

J - жазу

L - жинау



13.06.2021 жыл. № X00012

## **Эффективность дистанционного обучения**

**ТОЛЕУПОВА ЭЛЬМИРА РЫМБЕКОВНА**

*Восточно-Казахстанская область Урджарский район Село Науалы*

*КГУ «Средняя школа имени Койшибая Толеубекова»*

*Учитель русского языка и литературы*

**Дистанционное образование** – «комплекс образовательных услуг, предоставляемых широким слоям населения в стране и за рубежом с помощью специализированной информационной образовательной среды, базирующейся на средствах обмена учебной информацией на расстоянии (спутниковое телевидение, радио, компьютерная связь и т.п.)

**Дистанционное обучение** – «новая организация образовательного процесса, базирующаяся на принципе самостоятельного обучения студента. Среда обучения характеризуется тем, что учащиеся в основном, а часто и совсем, отдалены от преподавателя в пространстве и (или) во времени, в то же время они имеют возможность в любой момент поддерживать диалог с помощью средств телекоммуникации».

**Дистанционное обучение** – «это новая ступень заочного обучения, на которой обеспечивается применение информационных технологий, основанных на использовании персональных компьютеров, видео- и аудиотехники, космической и оптоволоконной техники».

**Дистанционное обучение** – это «взаимодействие преподавателя и обучающихся между собой на расстоянии, отражающее все присущие учебному процессу компоненты (цели, содержание, методы, организационные формы, средства обучения) и реализуемое специфичными средствами Интернет-технологий или другими средствами, предусматривающими интерактивность» и «это самостоятельная форма обучения, информационные технологии в дистанционном обучении являются ведущим средством».

В законе «Об образовании Российской Федерации» «под **электронным обучением** понимается организация образовательной деятельности с применением содержащейся в базах данных и используемой при реализации образовательных программ информации и обеспечивающих ее обработку информационных технологий, технических средств, а также информационно-телекоммуникационных сетей, обеспечивающих передачу по линиям связи указанной информации, взаимодействие обучающихся и педагогических работников. Под дистанционными образовательными технологиями понимаются образовательные технологии, реализуемые в основном с

применением информационно-телекоммуникационных сетей при опосредованном взаимодействии обучающихся и педагогических работников».

Из этого множества определений наиболее точным считается следующее: **дистанционное обучение** – это «совокупность технологий, обеспечивающих доставку обучаемым основного объема изучаемого материала, интерактивное взаимодействие обучаемых и преподавателей в процессе обучения, предоставление обучаемым возможности самостоятельной работы по освоению изучаемого материала, а также в процессе обучения». Существует большой набор средств, которые могут быть использованы для организации взаимодействия обучающегося и преподавателя. Наиболее широкое распространение в начальной школе получили следующие:

Электронная почта. Данная форма взаимодействия доступна для обучающихся и среднего, и начального звена. Преимущество заключается в том, что обучающийся может выполнять задание в удобное для него время, используя все необходимые ресурсы. Недостаток же в том, что преподаватель не может в реальном времени «сопровождать» и «направлять» учащегося.

Использование программы «Скайп» (Skype), позволяющей общаться через сеть интернет по всему миру. В этом случае преподаватель может давать необходимую консультацию непосредственно в процессе выполнения работы, обсуждать с обучающимся ход её выполнения, полученные результаты, вносить необходимые поправки. Сложности возникают с визуализацией работы учащегося, так как это происходит либо через веб-камеру, а качество сигнала не всегда позволяет это сделать, либо через электронную почту, что опять же приводит к «растянутости» во времени.

Гугл-документы. Данный ресурс можно использовать и при работе с документами, и с презентациями, и с таблицами. При этом доступ к ним может быть одновременным, т.е. преподаватель «видит», как обучающийся выполняет задание, может корректировать его работу. Недостаток данного ресурса в том, что есть ряд стран, которые ограничивают работу данного браузера и использование его ресурсов становится невозможным.

Moodle — система управления курсами (электронное обучение), также известная как система управления обучением или виртуальная обучающая среда, которая представляет собой веб-приложение, предоставляющее возможность создавать сайты для онлайн-обучения. «Задания могут решаться как в специальных тетрадях, так и на личной страничке, открытой в веб-браузере на компьютере у обучающегося. Личная страничка отображает содержимое веб-сайта, например, созданного в специальной системе управления обучением «Moodle». На этой страничке обучающийся, пройдя авторизацию, может выбрать предмет обучения, посмотреть задания, отправить их на проверку, посмотреть вспомогательные материалы и т.д. В свою очередь, этот веб-сайт размещаются точно так же как и миллионы обычных веб-сайтов

интернета, на сервере, специально выделенном или виртуальном хостинге. Соответственно, преподаватель имеет свой уровень доступа к системе и имеет несколько более широкие возможности, по сравнению с обучающимися. Может создавать и корректировать содержимое учебных курсов, просматривать задания и т.д. Тестовые задания, как правило, проверяются сразу в автоматическом режиме. А результаты учебы заносятся программой и преподавателем в электронный журнал».

Возможно также использование различных чатов, блогов, форумов, видеоконференций и т.д.

При выборе средства организации взаимодействия с обучающимся преподаватель прежде всего должен ориентироваться на те, которые доступны учащемуся в силу возраста и навыков работы с информационно-компьютерными технологиями, но при этом необходимо постепенно знакомить его и другими, так как это создаст у ребёнка дополнительную мотивацию, сделает процесс обучения более разнообразным, поможет повысить качество освоение учебного материала.



14.06.2021 жыл. № X00023

## **Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы**

### **ЖҰМАБАЕВА ЖАНАР ТЕГІСБАЙҚЫЗЫ**

*Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Жетібай ауылы*

*«Жауқазын» бөбекжайы МКҚК. Тәрбиеші*

#### **Балалардың тілін дамытудағы мақсаттары:**

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;
- Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал - мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:

- Бала тілін орфоэпиялық дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу.
- Сөздегі грамматикалық дағдыларды қалыптастыру;
- Баланың сөздік қорын молайту;
- Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
- Балалардың ойын дамытып, тіл байлығын арттыру.

Балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұны мен ойын дұрыс жеткізіп, диалогтегі адамдардың сөздерін мәнерлі жеткізуге икемделеді. Балалар автордың сөз өнерін қолданып, сөз мәнерін өздері машықтануы қажет. Серіктестері айтқан әңгімені тыңдап отыруға, мазмұнын түсінуге, әдеби кейіпкерлерін атымен айтуға үйретіледі.

Табиғи құбылыстардағы ақиқаттылықты сипаттаған кезде нақты дұрыс сөз қолдануға, үлкендердің көмегімен белгілі бір нәрсеге тиісті белгілерді табуға, нақты бейнелеуге, әңгімеде ой - өрісін жеткізуге үйрету керек.

Балалардың сипаттау әңгімелері түрлі сөз мәнерінде сонымен қоса тілдік (метафора, теңеу, эпитет, балама қолдануда) сөз өнері өзіндік ерекшелігін ашу қажет. Ойыншықтарды қолданып, суретке қарап әңгіме құрастырады. Баланың өзі құрастырған әңгімесінде жанрдың негізгі ерекшелігін таба білуінде. Сюжет ерекшеліктері мен әдеби шығармалардың мәнерлігі (ертегіні толық айтып беру). Ертегідегі жақсылықтың жеңгені, сиқырлық жайында, кейіпкерлерді басқа бір нәрсеге айналдырып, және т. б. қолдана отырып, ертегі құрастыруға үйрету.

Бұл жаста балалар шығарманы қызығушылықпен тыңдайды, әңгімелерді түрлендіре біледі. Баланы шығармашылық қабілеттілігінен туындаған әңгімелеріне көңіл аударып, құрдастарының әңгімелерін тыңдауға бейімдеп,

қиыншылық тудырған жағдайды, қол ұшын беріп, дұрыс емес жеріне түзету енгізе керек.

Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл - ой дамуымен біртұтас жүреді.

Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан - теңіз. Ол жаңа өскін балауса буынының сана - сезімін оятып, ақыл - есін дамытатын, адамгершілік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай - ақ мақал - мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл - ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі.

Ежелгі қазақ әдебиеті өкілдерінің балаларға қалдырған әдеби мұрасы, Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың өлең - әңгімелері осы күнге дейін тәрбиелеу мен оқытуда, ғылым жолын танытып, өнер - білімге баулуда қастерлі қасиетін еш жойған жоқ. Жамбылдың, Сәкеннің, Жансүгіровтың, Майлиннің, Мұқановтың сондай – ақ көптеген жас жазушылардың балалар сүйсінерлік қызығып тыңдарлық жақсы шығармалары бар. Мұның бәрі, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде баға жеткісіз қазына. Әрбір тәрбиеші соларды іздестіре отырып, термелеп жинап жүрсе, өз жұмысына өте демеуші дәнекер таппақ.

Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген - білгенін қиыстырып, тұжырымдап достарына, тәрбиешілеріне, ата - аналарына айтып бере алса, тіл шеберліктері артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбексүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді. Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан - да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс

түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс - әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс - әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді.

14.06.2021 жыл. № X00017

## **Дене тәрбиесі - салауатты өмір негізі**

**БЕРДІБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАНЕКЕШҚЫЗЫ**

*Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Жетібай ауылы*

*«Жауқазын» бөбекжайы МКҚК.*

*Дене шынықтыру пәнінің жөніндегі нұсқаушы*

### **Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулыққа байланысты. А.Шопенгауер**

Бүкіл әлемдегі дәрігерлер мен педагогтар әлдеқашан ортақ пікірге келген еді: ұлт денсаулығын сақтап қалу үшін барлық күш жігерді біріктіру және оны балалар денсаулығын қорғауға бағыттау қажет.

XXI ғасыр–ақпараттардың аса молдығы бойынша бұрын-соңды болмаған ғасыр. Біз балаларға денсаулықты сақтау, түрлі аурулардың алдын-алу, салауатты өмір салты туралы көп айтып жүрміз. Ал, бұл мәселелерді шешу балалар денсаулығын сақтау, оның ішінде дене тәрбиесі, психологиялық тұрақтылықты арттыру, орынды тамақтану және көптеген басқа мәселелер бойынша маңызды жұмыстарды қажет етеді. Мектеп мұғалімінің алдында оқушыларға білім берумен қатар олардың дені сау, дене бітімінің дұрыс жетілуін қадағалау міндеті тұр. Бүгінгі алдымызда отырған оқушы -ертеңгі еліміздің экономикалық қуатын, мәдени және рухани байлығын жақсартуға ықпал ететін жеке тұлға.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі. Қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге деген белсенділігі мен ізгілікті қатынастарын дамытуға бағытталған.

Дене тәрбиесі-өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлері оқушының өз бетінше ұйымдастырылған жұмыстарымен толықтырылған жағдайда нәтижелі болады.

Оқушының күнделікті қозғалыс тәртібін толықтыруға арналған жұмыс түрлері дене тәрбиесі жүйесінің элементтері есебінде болды:

1. Таңертеңгі гимнастикалық жаттығулар. Күнде таңертеңгілік 9-10 жаттығудан тұратын кешен. Бұл оқушылардың орталық нерв жүйесін қалыпқа келтіріп, оқушы ағзасын сергітеді.

2. Мектепке дейінгі және үйге қайтар жолдағы серуен. Таза ауада жаяу жүрудің өзі шынығу, сауықтыру әсерін тигізеді.

3. Оқу сабақтарына дейінгі жаттығу. Сабақтағы нәтижелі іс-әрекет пен оқу күнін белсенді бастауға мүмкіндік туғызады.

4. Дене тәрбиесі сабақтары. Бұл сабақтар мазмұны мемлекеттік талап пен оқу бағдарламасына сәйкес белгіленіп, оқушылардың күші мен жылдамдығын, ептілігі мен шыдамдылығын, ерік-жігерін, батылдық пен табандылықты және тез шешім қабылдау секілді тәрбиелік қасиеттерді дамытады.

5. Сабақ үстінде сергіту минуттары. Ой еңбегі барысында ағзаның тынығуына әсерін тигізеді.

6. Үлкен үзіліс кезіндегі дене жаттығулары мен қозғалмалы ойындар. Оқу күні ортасында оқушылардың белсенді демалысын қамтамасыз етеді.

7. Спорттық үйірмелер, ұйымдар мен топтардағы жұмыс. Белгіленген спорт саласы бойынша оқушының жалпы және арнайы дайындығын көрсетіп, дене жаттығуларымен жүйелі айналысуды қамтамасыз етеді.

8. Жалпы мектепішілік спорттық бұқаралық шаралар. Бұл жұмыс түріне денсаулық және спорт айлықтары, спорттық мерекелер, жалпы мектепішілік сайыстар жатады.

Бұл шаралар барлық оқушының спорт пен дене тәрбиесі жаттығуларына қызығушылығын туғызып, салауатты өмір салтының негізін қалайды.

- Өз бетінше дене жаттығуларымен айналысу. Бұл жұмыс түрі қозғалыс тәртібінің маңызды бөлігі. Кей жағдайда ең тиімді әдіс болып есептелінеді, себебі оқушының жеке тұлғалық қызығушылықтары мен қабілетіне, сұранысына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс өз нәтижесін береді.

Денсаулық-байлық қана емес, ол адам бақытының бастауы, тіршілік көзі. Ұлы ақын Абай данамызда «Денсаулық- терең бақыт» деген.

Ғылым мен техниканың күн санап қарыштап дамуы, экологиялық зардаптардың белең алуы, ой еңбегі мен дене еңбегінің ара қатынасының алшақтауы, әр-түрлі зиянды әдеттердің (шылым шегу, алкоголь ішімдігі, есірткі пайдалану т.б) пайда болуы секілді құбылыстарға қарсы, салауатты өмір салтын қалыптастыратын тегеурінді күш иесі-спорт. Спортпен шұғылданған баланың денсаулығы мықты, өзі әлді, төзімді, икемді, әрі нәтижелі болады. Еліміздің келешегін жалғастыратын жігерлі, білімді азамат болып шығады.

Салауатты өмір салтының насихатталуы, ауыл мектебіндегі спорттың өсуі, одан әрі өркендеуі, әлемдік деңгейге жетуі, кейінгі жастар үшін үлгі-өнеге болатыны үлкен дәлел.

14.06.2021 жыл.

№ X00018

## Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі

### ОРАЗОВА БАЛЗИЯ САБИТАЕВНА

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Жетібай ауылы  
«Жауқазын»бөбекжайы» МКҚК Тәрбиешісі

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады.

Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде. Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады.

Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды. Осының нәтижесінде ол басқалармен сөздік қарым-қатынас жасайды.


Қоршаған ортамен таныстыру барысында, балалардың тілі дамиды: олар заттарды танып, қасиеттерін және атауларын біледі, өз пікірлерін айтуға, сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап беруге, көргендерін айтып беруге үйренеді.

Әрбір затты танып білуге кезінде балаларға сұрақтар қойып, әңгімелету арқылы сөздік қоры дами түседі. Ұйымдастыру оқу іс-әрекеті процесінде дидактикалық ойындар, жаттығулар, балалармен қарым-қатынас жасау арқылы педагог балалардың тілін дамыта отырып, заттар туралы нақты білім беріп, сөздік қорын молайтуға ден қояды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында бақылау жасаудан, мақсатты серуен және топтық саяхаттан алған әсерлерін, білімдерін нақтылау мақсатында әңгіме құру жұмысы кең көлемде жүргізіліп отырулы тиіс.

### «Не өзгерді?»

**Мақсаты:** Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

**Көнекіліктер:** Жеміс пен көкөністің мультфильмі.



**Ойын барысы:** Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністіңарасынанбіреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады...

### «Жыл мезгілдері»

**Мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.

**Көрнекіліктер:** Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.

**Ойын барысы:**Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады,әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.



Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққала т.б.)

### «Зоологиялық фриздер»

**Мақсаты:** Балаларды антоним сөздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** жабайы аңдар мен үй жануарлары

**Ойын барысы:**Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян,тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен,қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.



### «Заттық фриздер»

**Мақсаты:** Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

**Көрнекіліктер:** ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.

**Ойыншарты:** Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.



Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.

### «Не қайда өседі?»

**Мақсаты:** Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

**Көрнекіліктер:** бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.

**Ойын шарты:** бақ пен бақша салынған.

### «Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»



**Мақсаты:** Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.

**Көрнекіліктер:** орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар.




**Ойынның барысы:** ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.

### Қайсысы қайда тіршілік етеді?

**Мақсаты:** жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.

**Көрнекілік:** әр түрлі жануарлар, құстар суреті  
**ойын барысы:** әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.



14.06.2021 жыл. № X00019

### Тепе-теңдік және секіру жаттығулары

#### СКЕНДИРОВА УМИТГУЛ ЖЕКСЕНҒАЛИҚЫЗЫ

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Жетібай ауылы

«Жауқазын» бөбекжайы» МКҚК

Дене шынықтыру пәнінің жөніндегі нұсқаушысы

Пән: Дене шынықтыру

Өтпелі тақырып: Менің балабақшам

Мақсаты: Гимнастикалық орындықта тепе-теңдік сақтау жаттығуларын орындау. Ептілікті, қимыл-қозғалыс әрекетін дамыту. Төзімділікке, өзара достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.

Мотивациялық шығармашылық

Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.

Нұсқауларды орындау.

«Орман аңдары»

«Аю» Қолды белге қойып, табанды нық басып жүру. «Түлкі» Қолды жанға ұстап Бір сызықпен жүру. «Көжек» Қолды кеуденің алдына иіп, қос аяқпен секіру. Балаларға әртүрлі екі текшелерден беріп, бірінің соңынан бірін жүргізіп шеңберге тұрғызу.

Бір тізбекпен кіру. Бір қатар тұру Сәлемдесу.

Бой қыздыру жаттығуларын орындату.

Б.қ. қол белде, аяқ иық көлемінде, басты артқа, алға, оңға, солға алға бұру.

Б.қ. негізгі тұрыс, қолды алға созып айқастыру, 1-2оңға, 3-4 солға.

Б.қ. қол кеуде тұста, 1-2 алға, 3-4 жанға қолды ашып сермеу.

Б.қ. қол белде, 1-2оңға 3-4 солға бүгілу

Б.қ. 1-сол аяққа еңкейеміз, 2-ортаға еңкею,

3-оң аяққа еңкею, 4- бастапқы қалыпқа келеміз.

Б.қ. қол белде, аяқ иық көлемінде.

1-қол жоғарыда артқа шалқаю, 2-алға еңкею,

3-қол алдында отыру, 4-негізгі тұрыс.

Негізгі тұрыс бір орында отырып тұру.

1. Жүру.

– аяқтың ұшымен қол жоғарыда

– қол желкеде, өкшемен жүру

– отырып жүру

2. Жүгіру.

– баяу жүгіріс

– сол жақ иықтан секіре жүгіру

– оң жақ иықтан секіре жүгіру

– қиылысты жүгіріс, жылан жүгіріс.

Тепе-теңдікті сақтауға арналған жаттығулар гимнастикалық орындықтың үстінде орындалады.

– гимнастикалық орындық үстінен қолды екі жаққа соза алға, артқа жүріп өту;

– сол аяқпен бір адым ілгері аттап, сол аяқты алға соза тізені бүгіп отыру және екі қолды екі жаққа созу.

-екі оқушы «қыл көпірдің» (гимнастикалық орындық) үстінде қарама-қарсы келе жатып екеуі де құлап қалмай өтіп кету үшін, қарсы келген екі оқушы бір-бірін иығынан немесе белінен ұстап, оң аяқтарын орындық үстіне қарма-қарсы қойып, оңға айнала бұрылып, сол аяқтарымен әркім өз бағытына қарай жүріп кете беру; б.қа келу.

Орындық үстімен жүріп келе жатып, допты лақтырп қағып, алу;

Қорытынды: Балаларды мақтау, мадақтау. Сапқа тұрғызу.

14.06.2021 жыл. № X00022

## Ойын арқылы баланың ой-өрісін дамыту

**ЫСМАҒУЛОВА МЕЙРАМГУЛ ШАМҰНҚИЗИ**

*Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Жетібай ауылы*

*«Жауқазын» бөбекжайы МКҚК Тәрбиешісі*

Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойын - жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады,

дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңіл көтертеді, дем алдырады, сонымен қатар, ол сықақтап, күлдіріп, кез-келген әлеуметтік мәртебенің шартты екендігін көрсетеді

Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек.

Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады.

Ойын бала үшін — нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А.П.Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру — оларды тәрбиелеу деген сөз.» Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілікетеді».

Ойын мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі іс-әрекетінің бір түрі. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады.

Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін жұмсап, сезініп білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді. Бүгінгі күн талабы – баланың ақыл - ойын парасаттылығын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу.

Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау мектепке дейінгі мекеме педагогтарының негізгі міндеті

Ойын барысында балалар педагогпен бірлесіп ереже бойынша қызықты тапсырмалар орындап, жағымды қарым – қатынас жасауы балалардың эмоционалды көңіл – күйлерін көтереді, сондықтан да дидактикалық ойынға қажетті құрал – жабдықтар, атрибуттар айшықты, мазмұнды безендірілуі де өте маңызды. Балалардың интеллектуалдық дамуына әсер ететін жаңа ойын технологиялары да біздің балаларға танымал.

Мысалы: Логикалық тізбек ойындары. Логикалық ойлау арқылы бала саралау, салыстыру, жинақтау сияқты өз бетімен іс – қимылдар жасауды үйренеді. Баланың логикалық ойлауы өздігінен қалыптаспайды, оның дамуына мақсатты түрде білім беру мамандарының, ата - аналардың, балалардың бірлескен жүйелі жұмысы қажет.

Балалар ойыны заттық – қол қимылының (пирамида жинау, текшелерден үй құрау) даму жолынан бастап интеллектуалды даму ойынына дейін жетеді. Логикалық ойлауды дамытудың негізгі рөлі математикалық ойындарға жатады. Бұл ойындар арқылы баланың интеллектуалды дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің; танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиды.

Мысалы, «Суреттерді есте сақта», «Керекті фигураны тап», «Қызықты геометрия», «Лабиринт ойындары» және т.б.. «Ойы саяздың, тілі саяз» деген ұлғатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілін де қалыптастырады. Қорытып айтқанда, балаларды интеллектуалды дамыту тәрбиесі білімді тереңдетуге, бекітуге, оның тәжірибелік мәнін түсінуге септігін тигізеді. Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтанда оның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тану, еңбекке танысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын түрінде қалыптасады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс - әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады.

Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай - ақ заман ағымына да белсене қатысады. Балабақшаларда оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.

Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеті. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйрететін де ойын. Бала үшін ойын өзін - өзі жетілдіру мен өзін – өзі көрсетудің құралы. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу қызметін ойын түрінде күрделендіре түсу керек.

Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамытады.

Оқу қызметінде қолданатын ойын түрлері мынадай топтарға бөлінеді.

Ойынның түрлері:

- Ұлттық ойындар
- Сюжетті рольді ойындар
- Педагогикалық ойындар
- Дидактикалық ойын
- Шығармашылық ойын
- Қимылды ойындар

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Дидактикалық ойындар арқылы оқу қызметі барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу қызметі ойын түрінде өткізіледі.

Оқу қызметі барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады.

Тәрбиеші ойынға тек қана баланы қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады.

## МАЗМҰНЫ

- БАЙРОЛОВА БАЛЖАН ТОЛЕУГАЗЫЕВНА
- АМАНБАЕВА ХАЛИМА АРГЫМБЕКОВНА
- ТОЛЕУПОВА ЭЛЬМИРА РЫМБЕКОВНА
- ЖҰМАБАЕВА ЖАНАР ТЕГІСБАЙҚЫЗЫ
- БЕРДІБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАНЕКЕШҚЫЗЫ
- ОРАЗОВА БАЛЗИЯ САБИТАЕВНА
- СКЕНДИРОВА УМІТГУЛ ЖЕКСЕНҒАЛИҚЫЗЫ
- ЫСМАҒУЛОВА МЕЙРАМГУЛ ШАМҰНҚЫЗЫ